



Памяти Ермухана Бекмаханова

В КазНУ презентована книга «Ермухан Бекмаханов» из серии «Өнегелі өмір», посвященная жизни и деятельности великого ученого, 100-летию со дня его рождения и 550-летию образования Казахского ханства.



Мероприятие состоялось в рамках «Бекмахановских чтений», получивших широкую известность в научном мире.

На презентации выступили ректор КазНУ академик Г.Мутанов, депутат Мажилиса Парламента РК Н.Жазылбеков, супруга ученого Х.Бекмухамедова, директор Института истории и этнологии им. Ч.Валиханова профессор Х.Абжанов, писатель М.Сарсеке, активное участие приняли преподаватели и студенты университета.

Продолжение на 2 стр.

Сүйсіндірген сайыс

«Айналанды нұрландыр» жобасы аясында философия және саясаттану факультетінде «Мерейлі жас отбасы» атты докторанттар мен магистранттар арасында қызықты да, тартысты байқау өтті. Онда факультет кафедралары арасында үздік шыққан үш жас отбасы бақ сынасты.

Байқауды ашқан факультет деканы Алия Масалимова сайыс жайындағы ақпаратты кеңінен тарқатып, сайыскерлерге сәттілік тіледі. Алғы сөзде ол: «Адамның өмірдегі барлық қалыптасу кезені отбасыдан басталады. Елбасымыз да отбасы тақырыбын ең жоғарғы орынға қойып келеді. Отбасыдағы ата-ана тәрбиесінің маңыздылығы үлкен. Сондықтан өзіміз оқытып жатқан магистрант, докторанттардың әлеуметтік рөлдерін қалай атқарып жүргендіктерін осы сайыс арқылы көргіміз келді. Отбасылық жиындар, отбасылық мереке сынды шаралар қазір сиреп бара жатқандай. Ұлттық мәдени дәстүрлерді көрсету, жанұя климатын бағалау және отбасылық өзара қарым-қатынасты біріктіру мақсатында ұйымдастырылып отырған шараның берері мол деп ойлаймыз», – деді.

Жалғасы 8-бетте

БОЛАШАҚ КІЛТІ - БІЛІМДЕ



19 ақпанда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ҚР Премьер-министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаевтың қатысуымен «Нұрлы жол. Қазақстан университеттері әлемдік білім беру кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолында» атты Алматы қаласы ЖОО-лары ректорларының аймақтық жиыны өтті.

Вице-премьер ҚазҰУ-ға сапарын Ғылыми-технологиялық паркі, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы мен Әл-Фараби кітапханасын аралаудан бастады. Технопаркте ол жүзеге асып жатқан жобалармен және студенттік стартап компаниялардың қызметімен танысты. «Кереметте» оңтүстік корейлік әріптестер – Енсе университеті және «Кангнам Северанс» клиникасымен бірлесіп жасалған медициналық диагностикалық орталықтың мүмкіндіктері көрсетілді. Студенттерге қызмет көрсету орталығында студентке алғашқы курстан бастап бітіргенге дейін қызмет көрсететін тіркеу кеңселері жұмыс істейді. Сонымен қатар бухгалтерия, құжат үстелі, академиялық ұтқырлық, өндірістік тәжірибе мен жұмысқа орналастыру сұрақтары бойынша кеңес беру орындары бар. «Бір терезе» қағидасымен жұмыс істейтін орталықтан студенттер қысқа уақыт ішінде кез келген сұрағына жауап ала

алады. Ал Ғылыми кітапханада қадірменді қонақ Әл-Фараби мұражайының экспозицияларымен және ҚазҰУ ғалымдарының инновациялық жобалар көрмесімен танысып шықты.

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Бердібек Машбеқұлы өткізген мәжіліске білім беру саласының бүгінгі өзекті мәселелері мен міндеттері арқау болды. Қазіргі қоғамда елдердің имиджін көтерудегі және олардың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы университеттердің рөлі жыл сайын артып келеді. «Қазақстан-2050» Стратегиясында Мемлекет басшысы атап көрсеткен – әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру міндетін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі алдына адам капиталының деңгейін көтеру, заман сұранысына сай сапалы мамандар легін даярлау мәселесі қойылып отыр.

Жалғасы 3-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

В КАЗНУ ОТКРЫТ АККРЕДИТОВАННЫЙ ЦЕНТР IGIP



2-стр.

БҮГІНГІ САНДА:

ҰСТАЗ - ҰЛЫ ЕСІМ



5-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛДЫ



7-бет

Продолжение. Начало на 1 стр.

Памяти Ермухана Бекмаханова



«Ермухан Бекмаханов занимает видное место в казахстанской историографии. Он является первым доктором исторических наук из числа казахов, основателем первой кафедры истории Казахстана в республике. Благодаря своему таланту, неиссякаемой энергии и огромной любви к истории родного народа, за свою короткую жизнь он смог внести весомый вклад в историческую науку», - отметил ректор вуза Галым Мутанов.

В издание вошли биографические данные, публикации, фотографии разных лет Е.Бекмаханова, а также отзывы ученых и учеников историка.

Книга рассчитана как для широкого читателя, так и для работников научно-образовательной сферы и студентов. Издание книг университетской серии «Өнелегі өмір» о жизни и деятельности выдающихся личностей Казахстана было инициировано ректором КазНУ Г.Мутановым.

Медеу Сарсеке представил участникам чтений свои труды о Бекмаханове - «Нокталанған тарихшы» и «Необузданный историк», в которых рассказывается о нелегкой судьбе ученого, осужденного за свои смелые взгляды и историческую правду. Также он отметил большую

важность и символичность проведения 100-летия историка в год празднования 550-летия образования Казахского ханства, к теме, которой ученый имел непосредственное отношение.

«Ермухан Бекмаханов исследовал проблемы социально-экономической и политической истории Казахстана XIX - начала XX в.в. и внес неоценимый вклад в эту науку. Его научное наследие особо выделяется разносторонностью тем, широким охватом исторических вопросов и основательностью их исследования. Он является основоположником отечественной истории, который взялся написать систематизированную историю казахского народа, начиная с древнейших времен. За книгу «Казахстан в 20-40-е годы XIX века» Бекмаханов впервые в Казахстане и Средней Азии он был удостоен ученой степени доктора и звания профессора», - отметил депутат Нурлан Жазылбеков.

Супруга Е.Бекмаханова, Халима Адамовна, вспоминая ученого, рассказала о его личности. «Я прожила с Ермуханом двадцать лет, и многому у него научилась. Он всегда меня наставлял и старался помочь мне. Будучи потомком Абылай-хана, он был настоящим патриотом своей Родины. Я думаю, его жизнь и деятельность является отличным примером не только для своих сыновей, но и для казахстанской молодежи», - сказала она.

В ходе мероприятия ректор университета Г.Мутанов наградил Х.Бекмухамедову и М.Сарсеке золотой медалью «КазНУ им. аль-Фараби - 80 лет», а депутат Мажилиса Парламента РК Н.Жазылбеков вручил от партии «Ақ жол» стипендии имени Е.Бекмаханова лучшим студентам факультета истории, археологии и этнологии.

Рустем АБРАЕВ

СВЕТАЩИЕСЯ ОБОИ

Ученые Казахского национального университета и Алматинского университета энергетики и связи совместно разрабатывают «светящиеся обои».

Ученые отметили, что светящиеся обои предполагается использовать вместо обычного освещения в жилых помещениях. Эта установка обойдется дороже, чем монтаж светильников, однако устройство окупит себя. «Основой для светящихся обоев является специальное оптоволокно, которое дает мягкий рассеивающийся свет, причем энергопотребление у такой технологии в три раза ниже традиционных методов освещения», - пояснил заведующий кафедры химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров КазНУ Григорий Мун. «Мы намерены выпускать декоративные варианты нашей разработки с нанесением рисунков и планируем представить разработку на выставке ЕХРО-2017 в Астане», - добавил ученый.

По данным рейтинга информационной базы компании «Томсон Рейтер» Григорий Мун занимает первое место среди ученых и специалистов в области интерполимерных комплексов, являющихся традиционным объектом исследования нанонауки и нанотехнологии. Он известен как автор многих проектов. К примеру, он занимается разработкой гидрогеля, который применяется в лечении урологических заболеваний и используется в пластической хирургии.

Соб. корр.

В КазНУ открыт аккредитованный центр IGIP

В КазНУ им. аль-Фараби создан аккредитованный центр международного общества по инженерной педагогике (IGIP) по Центральной Азии. Он открыт по рекомендации международного мониторингового комитета и решению президента IGIP.



международный регистр «ING-PAED» IGIP. Это является международной сертификацией преподавателя и гарантирует его компетентность соответствующую высоким международным требованиям. Внесение в регистр повышает его конкурентоспособность и престиж в глобальном научно-образовательном сообществе, дает возможность «элитному специалисту» свободной профессиональной деятельности как внутри страны, так и за рубежом. Кроме того, потенциальные работодатели могут получать через центры IGIP подробную информацию об образовании, профессиональном уровне и опыте включенного в регистр преподавателя.

IGIP - международная общественно-профессиональная организация, повышающая квалификацию и выдающая преподавателям вузов международные сертификаты. Основанная в 1972 году она является одним из авторитетных международных организаций в сфере высшего технического образования, объединяющая научно-педагогическую общественность инженерных вузов более 70 стран мира.

Соб. корр.

23 ақпандағы Ғылыми кеңес және ректорат мәжілісінде факультеттер мен кафедралардың индикативті жоспарының орындалу барысы талқыланды. Бұл күні оқытушы-профессорлар құрамының назарына химия және химиялық технология мен филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеттерінің көрсеткіштері ұсынылды.

ИНДИКАТИВТІ ЖОСПАР БАСТЫ НАЗАРДА

Университеттің әлемдік білім беру кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында енгізілген рейтингтік жүйе бүгінде өз жемісін беруде. Ал нәтижеге негізделген индикативті жоспар - әрбір факультет жұмысының айнасы. Сондықтан да заман талабына орай ықшамдалып, жетілдіріліп отырған жоспарды орындауға әрбір факультет жігі кіріскен. Бұл жайлы отырыста сөз алған факультет басшылары тілге тиек етті.

Мінбеге көтерілген химия және химиялық технология факультетінің деканы Ердос Қалимоллаұлы мен филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің деканы Өмірхан Әбдиманұлы индикативті жоспардың барлық бөлімдері бойынша

нәтижелерді саралай келе, алдағы жоспарларын ортаға салды. Олар факультеттің жалпыуниверситеттік рейтингтегі ғылыми-зерттеу жұмыстары, халықаралық байланыс, оқу-әдістемелік және әлеуметтік жұмыстар бойынша нәтижелеріне жан-жақты тоқталып өтті. Сондай-ақ жиында аталған бағыттар бойынша тиісті проректорлар өз пікірлерін білдіріп, көрсеткіштерді жақсарту жолдарына назар аударды.

Сондай-ақ кенесте дәстүрлі әлеуметтік шәкіртақы табыстау және университет ғалымдары мен студенттерін жетістіктерімен салтанатты құттықтау рәсімдері орын алып, өзге де өзекті сұрақтар қаралды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

На базе КазНУ состоялось совещание ректоров вузов Алматы с заместителем Премьер-министра РК Б.М. Сапарбаевым

Жалғасы. Басы 1-бетте

БОЛАШАҚ КІЛТІ – БІЛІМДЕ



Осыған орай білім берудің заманаға лайықталған жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұны мен әдіс-тәсілдері жаңғыртылуда, шығармашыл, іздемпаз жастарды тәрбиелеуге маңыз берілуде. Мемлекет пен қоғамның табысты дамуына кепіл болатын, болашаққа бағытталған бұл мақсаттар Елбасымыздың «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» Жолдауына негіз етіп алынған. Осынау көкейтесті мәселелер Алматы ЖОО-ларының ректорлары қатысқан кездесудің негізгі өзегіне айналды.

Вице-премьер күн тәртібіндегі күрделі мәселердің бірі — кадр даярлау сапасын арттыруға баса назар аударды. Өскеген ұрпаққа әлемдік деңгейде

білім беру, оқыту мазмұнына жаңаша көзарас таныту салаға түбегейлі өзгерістер енгізуге ғана емес, сонымен қатар алдыңғы қатарлы елдермен иық теңестіретін жағдайға жетуге бағытталған. Дуалдық білім беру сияқты оқытудың жаңа технологияларын енгізуге, білім беруді ақпараттандыруға, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығуға жеткілікті көңіл бөлу қажет. Өз сөзінде ол әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қызметіне жоғары баға бере отырып, оқу орнындағы өзгерістерді өзге университеттерге үлгі ретінде тілге тиек етті.

Оқыту бағдарламалары елдің үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы

талаптарына жауап беру керектігін атап өткен Премьер-министрдің орынбасары бұл орайда ұлттық университеттерге жүктелер жауапкершілік жүгі зор екендігіне тоқталды. Экономиканың алға басуы үшін инновациялық қызметті үнемі қолдап, қуаттау, ынталандыру қажет. Бұл саясат елдің серпінді дамуын қамтамасыз ететін озық технологияларды, соның ішінде білім мен ғылымды басқарудың жаңа әдіс-тәсілдерін өмірге жедел енгізуді талап етеді. Сондай-ақ инновациялық-индустриялық даму стратегиясы негізінде еңбек ресурстарын тиімді орналастыруды көздейтін «Серпін» бағдарламасын жүзеге асырған жөн. Міне, осыған орай өнімнің, тауардың ғана емес, сондай-ақ маман кадрлардың да бәсекеге қабілеттілігі алдыңғы орынға шығып отырған бүгінгі жаһандану заманында инновациялық қызмет шешуші мәнге ие, деп атап көрсетті Бердібек Сапарбаев.

Қазақстан университеттерінің әлемдік білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілеттілігін арттырудың түйінді тұстары талқыланған алқалы отырыста ел ғылымы мен білімінің қара шаңырағы — әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанов оқу ордасының алдында тұрған асқаралы міндеттермен, жастарға сапалы білім, саналы тәрбие беру мақсатында атқарылып жатқан сан салалы жұмыстармен таныстырып өтті. Оқыту сапасын жақсарту арқылы болашақ мамандардың баянды білім тұғырын қалыптастыру басты қағидаға айналып отырғанын атап өткен білім ордасының басшысы ұлттық университет қол жеткізген табыстарға тоқталып өтті. Оқу орнында инновациялық дамуға жеткілікті назар аударылып келеді. Ғылыми техникалық өркендеу мен рухани дамуды үйлестіруді көздейтін «Al-Farabi university smart city» деп аталатын болашақ даму үлгісі ұлы ғалым әл-

Фарабидің «Қайырымды қала» еңбегінде негізделген. Ұлттық университет аясында «Алатау» инновациялық-технологиялық паркінің үшінші кезеңі әзірлену үстінде. Осы аталған ғылыми-білім беру және инновациялық кластердің құрылуы ұлттық инновациялық жүйенің негізгі «даму нүктесі» болып табылады. Сонымен қатар Токио университетімен бірігіп Қазақстан тарихындағы тұңғыш жоба — отандық наноспутникті әзірлеу жұмыстары жүріп жатыр. Бұл әзірлеме басқа да жобалар сияқты Экспо-2017 көрмесінде таныстырылмақ. Студенттердің 70 пайызға жуығы ғылыми жұмыстарға тартылған. Міне, осындай жетістіктер негізінде оқу ордасы әлемдегі ең үздік 300 университет сапынан орын алып отыр.

Жиында шығып сөйлеген Алматы мемлекеттік жаңа технологиялар колледжінің директоры Давид Эзау оқу орнындағы дуалдық білім беру мәселеріне тоқталды. Радиотехник, автотехник, киім үлгілерін құрастыру, авиациялық тасымал бойынша кәсіби мамандар даярлайтын колледж оқыту үдерісін өндірістік қызметпен тығыз ұштастырып келеді. Әлемдік талаптарға сай келу үшін жоғары және арнаулы орта оқу орындарында ғылыми сыйымды және жоғары технологиялы оқу-материалдық базаны қалыптастыру қажет деп атап өткен Д. Эзау колледж оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері өнім түрінде шығарылып жатқанын атап көрсетті.

Сонымен қатысушылар білім беру сапасын арттыру, еңбек рыногы сұраныстарын зерттеу, ел экономикасының салалары үшін жоғары білікті мамандар даярлау мәселелерін қарастырды. Жиын барысында ілгері дамуға кедергі болып отырған кемшіліктер атап көрсетіліп, олқылықтардың орнын толтыру жолдары ой елегінен өткізілді.

Бақыт ӘСЕМБАЕВА,
Қайрат ЖАНАБАЕВ,
журналистика факультеті

ОРТАҚ СЕНІМ ОРЫНДЫ

14 ақпанда Қазақстан халқы ассамблеясының кезектен тыс президенттік сайлау өткізу туралы үндеуі біздің экономикалық дағдарыс пен күрделі халықаралық жағдайлар орын алып отырған кезеңде аса маңызды қадам болып табылады.

Бұл үндеу уақыт талабы екенін мойындауымыз қажет. Әлемнің әрбір мемлекеті саясаттың салқын самалы мен қолайсыз экономикалық климатына тап болғанда еліміздің дамуы мен өркендеуі, халықаралық беделін көтеру бағытында аянбай тер төккен Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа жаңа сенім мандатын берудің орны бөлек.

Елбасына жаңа мандат беру еліміздің дамуына, елдегі тұрақтылық пен бейбітшілікті күшейтуге, стратегиялық маңызы бар «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» атты ұзақ мерзімді стратегиялық бағытын жүзеге асыруға үлкен мүмкіндік, халыққа сенім мен жігер береді. Дағдарыстың алдын алуға бюджет көлемі 10 пайызға қысқарғанымен, мемлекет халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерді еш өзгеріссіз қалдырды. Елбасы барлық аймақ басшылықтарына тапсырған болатын. Бұл тұрғыда Елбасына сенім мандатын беру арқылы стратегиялық бағдарымызды айқындай аламыз.

Әлемдік өркениеттің көшіне білімі мен ғылымы дамыған ел ғана илесері анық. Сондықтан ел тізгінін берік ұстап, тең таразылап, талай тұйықтардан алып шығатын Елбасымызға сенім білдіреміз!

Бәтін ОМАРОВА,
баспа ісі және дизайн кафедрасының аға оқытушысы

Жуырда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы, ҚР Білім беру жүйесінің басшылығы мен ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын республикалық институты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың біліктілікті арттыру институты және журналистика факультеті баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы, жалпы тіл білімі және шетел филологиясы, жалпы және этникалық педагогика кафедралары мектеп мұғалімдеріне арнап «Білім берудегі жаңа инновациялық әдістер: дағдылар, технологиялар» атты республикалық семинар өткізді.

Ел ертеңіне нық сеніммен...

Семинарда құттықтау сөз сөйлеген «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы ҚР Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын республикалық институты директорының орынбасары Суатай Сәбит Құрманжанұлы: «ҚазҰУ мен «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» арасында ынтымақтастық туралы меморандум жасалатын кез келді. Біздің институт республика мұғалімдеріне арналған білім берудегі инновациялық технологиялар жайлы курстарды бірлесіп өткізуге дайын. Бұл шара ынтымақтастықты нығайтады», - деді.

«Елбасының білім денгейін көтеру қажеттігі туралы айтқан сөздері бәрімізге де үлкен жауапкершілік жүктейді. Он екі жылдық білім беруге дайындық, интеллектуалдық мектептер ашу осы саладағы жаңа белестер болмақ. Дарынды балаларға арналған біздің мектеп-интернат кешені де бұл бағытта тың ізденістермен жұмыс жасайтын болады», - дейді «Дарын» мектеп-интернатының ұстаздары.

Елімізде жоғары технологиялық және ғылыми өндірістер үшін кадрлар қоры жасақталуда. Қазақстан жоғары оқу орындарында әлемдік стандарттар деңгейінде білім беріп келеді. ЮНЕСКО-ның деректері бойынша еліміз білім беруді дамыту индексі бойынша көшбасшы елдердің алғашқы төрттігінен берік орын алып отыр. Бүгінгі таңда жастарымыз өз елінде де, шет елдерде де екі дипломдық озық білім алуларына мүмкіндіктер туып отыр. Білімді ұрпақ — ел болашағы десек, еліміздің жас ұрпаққа жасалынып жатқан жақсылықтары еліміздің ертеңіне деген нық сенімі дер едім.

Семинардың өтуіне мұрындық болған журналистика факультеті баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі, саяси ғылымдарының докторы, профессор Гүлмира Сұлтанбаеваға мектеп ұстаздарының айтар алғысы шексіз.

Алма ҚҰРМАНБАЕВА,
баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының доценті

ЗАВЕДУЮЩИЙ КАФЕДРОЙ РЕКРЕАЦИОННОЙ ГЕОГРАФИИ И ТУРИЗМА КАЗНУ АЛЕКСАНДР АРТЕМЬЕВ НАГРАЖДЕН ЗНАКОМ ОТЛИЧИЯ «СЕРЕБРЯНЫЙ ЭДЕЛЬВЕЙС».

«Серебряный эдельвейс»



Эту награду ученый получил на съезде Национальной федерации спортивного туризма РК в городе Астане за руководство походом V категории сложности по Жетысускому (Джунгарскому) Алатау, посвященного 80-летию КазНУ.

Сам поход занял первое место в чемпионате страны 2014 года, а участники университетской команды были удостоены звания чемпионов республики с вручением золотых медалей.

Следует отметить, что профессор КазНУ в числе первых стал обладателем нового знака «Серебряный эдельвейс», которым награждаются руководители сложных спортивных путешествий по всем видам туризма.

Соб. корр.

ҚазҰУ-да «Өнегелі өмір» сериясымен «Ермұхан Бекмаханов» атты кітап жарық көрді



Сауле КУПЕШОВА,
*Экономика және бизнес жоғары мектебі,
менеджмент және маркетинг кафедрасының доценті:*

Мақсатымыз — Қазақстан экономикасының ерекшеліктерін көрсететін ана тіліміздегі оқулықтарды шығару

— *Қазір таңда барлық дамыған мемлекеттердің экономикасының негізін инновациялар мен бәсекеге қабілетті өндіріс қалыптастырып тұр. Әлемде бұл саланың қызметі қарқынды. Ал біздің елдегі осы салаға деген көзқарас қандай, деңгейіміз ше?*

— Дүниежүзілік экономикада көптеген мемлекеттер Жапония, Оңтүстік Корея, Финляндия, Сингапур және т.б. инновациялық саланы қолдау және дамыту арқасында экономикалық жетістіктерге жетіп, ғылыми техникалық және инновациялық көшбасшы болып отыр. Бұл мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, инновациялық саланы дамыту, бәсекеге қабілетті өнім өндірудің іргетасын қалап, оны әрі қарай іргелететін негізгі факторлардың бірі — инновациялық менеджментті тиімді пайдалану. ХХІ ғасырда Қазақстан экономикасының басты мәселелерінің бірі — елдің ғылыми-техникалық даму және интеллектуалды факторларды кең көлемде қолдану арқылы ғылыми қамтымды экономика құрып, табысқа қол жеткізу. Яғни, елдің экономикалық даму қағидалары инновациялық қызметке бағытталуы қажет, жана өндіріс пен құрылымдарды игеру арқылы, бәсекеге қабілетті жана өнімдер шығарумен, жана технологиялар құрастыру нәтижесінде шектелген ресурстарды тиімді пайдалану.

Қазақстанда инновациялық қызметті ұйымдастыру мен дамытуға бағытталған түрлі мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялар қабылданып, жүзеге асырылып, инновациялық инфрақұрылым қалыптастырылып жатыр. Бұл жай төнерегінде көптеген зерттеу жұмыстары жүргізіліп, мақалалар жарық көріп өз өрістерін табуда. Бірақ бұл мәселе әлі де толық шешімін таба алмай жатыр, өйткені ғылымды бизнеспен ұштастыру өте күрделі үдеріс. Ғылым деген сөздің өзі кәсіпкерлерді қорқытып, сенімсіздікке әкеліп отыр, жастардың ғылыммен айналысуға деген ынтасы да жоғары емес. Жастарды ғылымға баулуының бір әдісі — ол технопарктік құрылымдардың инновациялық қызметін ұйымдастыру мен басқару үдерісіне магистранттар мен студенттерді қатыстыру, болашақта оларды осы инновацияларды өндіріске енгізетін компанияларда жұмыспен қамту, ғылыми қызметкерлердің статусын жоғарылату.

— *Шәкірттеріңізге заманның сұранысына сай мамандықтан дәріс берудесіз. Осы салада студенттерге қандай мүмкіндіктер қарастырылған және қандай жетістіктерге жетіп отырсыздар?*

— Экономика және бизнес жоғары мектебінде төрт кафедра негізінде бакалавриат, магистратура, Phd докторантура бағдарламалары бойынша мамандар даярланады. Студенттер, магистранттар оқу үдерісі барысында тек қана теориялық білім ғана алып қоймай, сондай ақ ғылыми зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруға, халықаралық ғылыми конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, түрлі үйірме қызметіне қатысуға мүмкіншіліктері бар. Менеджмент және маркетинг кафедрасы

тұсында білім беру саласында инновациялық қызметті жүргізу, ғылыми ізденістер және арнайы пәндерді оқыту арқылы қазақстандық және шетелдік жобалық менеджменттің заманауи талаптарға сай жобаларды басқару туралы білімді қалыптастыру және тарату мақсатында “Жобалық менеджерлер орталығы” жұмыс атқарады.

«Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Менеджмент», «Маркетинг» мамандықтары бойынша жыл сайын инновациялық жобаларға қатысты студенттердің республикалық олимпиадасы өтіп отырады.

Қазір біздің университеттің магистратура бөлімінде оқу көптеген талапкерлерді қызықтырып отыр. Бакалавр бағдарламасын тамамдаған көптеген студенттер өздеріне қажет, қабілеттеріне сай нағыз мамандықты таңдауға енді ғана дайын болғандай сезінеді. Өйткені орта мектепті бітіре сала олар міндетті түрде жоғары білім алу керек деген мақсатпен «мына мамандық қызық екен», «досым осы мамандықты таңдады, менде соны таңдадым», «ата-анам айтқан соң осы факультетке келдім» деген себептермен шешім қабылдап жатады. Тек үшінші, төртінші курсқа қадам басып, бұл мамандықтың болашақта не беретінін біліп, әрі қарай магистратурада басқа мамандықты немесе осы мамандықты тереңірек игеру керек екендігіне көздері жетіп жатады. Менеджмент және маркетинг кафедрасы 5 мамандық бойынша: менеджмент, маркетинг, инновациялық менеджмент, мемлекеттік және жергілікті басқару, жобаларды басқару бойынша магистрлерді даярлайды. Ағылшын тілінде білім алатын да топтар бар. Сонымен қатар академиялық алмасу негізінде қос диплом бағдарламасы бойынша студенттер Патриса Лумумба атындағы РУДН де, Новосибирск мемлекеттік университетінде оқуын оқып келеді. Демалыс мерзімінде барлық магистранттар шетелдің танымал университеттерінде ғылыми зерттеу тағылымдамасынан өтіп келеді.

— *ЖОО студенттеріне инновациялық менеджмент саласына қажетті оқу құралдарын шығарып, үлкен еңбек үлесін көрсетіп жүрсіз. Жақында тағы бір құнды еңбегіңіз баспадан жарық көріпті. Осы әдебиеттер турасында ой бөліссейіз*

— Инновациялық менеджмент пәні «менеджмент» мамандығының оқу жұмыс жоспарында кәсіби міндетті пән ретінде орын алып отыр. Сонымен қатар «Менеджмент және маркетинг» кафедрасы 2010 жылдан бастап «Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша магистранттар мен Phd докторларын даярлайды. Инновациялық менеджмент пәні бойынша орыс тілінде құрастырылған оқулықтар бар болғанымен, қазақ тілінде құрастырылған оқулықтар мен оқу құралдары өте аз, тіпті жок деп айтуға да болады. Шындап айтсақ, қазақстандық менеджменттің қалыптасуы мен дамуына американдық, батыс Еуропа және жапондық менеджменттің ықпалы әсер етті. Осы кезге дейінгі университетте даярланған мамандардың көбісі осы елдерде және ресейде құрастырылған оқулықтар мен оқу құралдарының негізінде білім алып шықты. Бұл сапалы оқу құралдарына

біздің ешқандай қарсылығымыз жоқ, бірақ олардың бәрі өз мемлекетінің ерекшеліктеріне ұлттық, әлеуметтік және мәдени қасиеттеріне бағытталған, сол халыққа тән мәселелерді шешуге арналған. Осы орайда негізгі мәселені, яғни қазақ тілінде құрастырылған, қазақстандық экономика ерекшеліктері ескеріліп жазылған сапалы оқу құралдарының тапшылығын айтып кетуге болады.

Осы оқулықты құрастыру кезінде инновациялық салаға қатысты көптеген мәселелерді қамтуға, студенттер оқығанда қызығып оқысын деп түрлі тарихта болған табысты және табыссыз инновациялық жобалар мен талдауға арналған жағдайлармен безендіруге тырыстым. Негізінде оқулықта пайдаланылған ақпараттар мен дәрістер — бірнеше жылдар бойы оқу үдерісі барысында қолданылып келе жатқан, яғни апробациядан өткен ақпараттар.

«Инновациялық менеджмент» оқулығының мақсаты — инновацияны өндіріске енгізу үдерісін басқару әдістері, микро және макродеңгейде инновацияларды енгізу туралы ғылыми білім мен теориялық және практикалық тәжірибені біріктіру және оны студенттер мен магистранттарға және басқа да қызығушылық танытқан тұлғаларға қазақстандық инновациялық саланы дамыту мақсатында тиімді қолдануға үйрету.

— *Елімізде инновациялық саланың қай бағдарламасы басымдыққа ие. Мамандықтан жұмысқа тартуда шәкірттеріңізге деген жұмыс орындарының сұранысы қаншалықты?*

— Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауларында да басты назарын инновациялық даму жолы мен бізді инновациялық саясат қалыптастыруға аударып келеді. «Индустриалды-инновациялық даму 2003-2015» стратегиялық бағдарламасы, 2010-2014 жылдарға арналған «Үдемелі индустриалды-инновациялық даму» бағдарламасы, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасы, «Қазақстан Республикасында инновацияларды дамыту және технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу жөніндегі» 2010-2014 жылдарға арналған бағдарлама, «Бизнестің даму картасы—2020», «Өнімділік—2020», «Экспорт—2020» және т.б. бағдарламалар — осы саясаттың қазіргі таңдағы өзектілігі мен маңыздылығының көрінісі.

2014 жылғы «Қазақстан—2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру үшін қажетті ұзақ мерзімді басымдықтар белгіленген. Осы орайда бірнеше басым бағыттар бойынша бірқатар мәселелерді шешу көзделген. Ең алдымен, елдегі инновациялық индустрияландыру трендін түзеу және күшейте түсу маңыздылығы атап көрсетілді.

Жолдаудың үшінші бағыты бойынша ғылыми қамтымды экономика құрып, Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру керек. Бұл бағыт бойынша венчурлік қаржыландыру, зияткерлік меншікті қорғау, зерттеулер мен инновацияларды қолдау, сондай-ақ ғылыми

әзірлемелерді коммерцияландыру жөніндегі заңнаманы жетілдіру қажеттігі көрсетілді.

Ал егер біздің факультеттің түлектерінің жұмыспен қамтылуы туралы айтар болсақ, даярланған мамандар толық жұмыспен қамтылады дер едім. Біздің түлектеріміз мемлекеттік басқару органдарында, танымал компанияларда, кәсіпорындарда, банктерде, министрлікте, әкімдіктерде қызмет атқарады. Көптеген түлектер Қазақстанның және шетелдің ЖОО-ларында жұмыс істейді.

— *Елімізде инновациялық салада қандай мәселелер бар? Осы бағытта қандай жобалар жүргізуге болады?*

— Қазақстандағы инновация мен ғылыми-техникалық қызметтің даму жағдайын талқылай келе, инновациялық қызметтің дамуының төмендегідей ерекшеліктерін атап өтуге болады:

- әлі де болса экономиканың шикізат секторына басым жағдайы және көпғылымды өңделген саланың баяу дамуы;
- инновациялық және ғылыми-техникалық қызметті қаржыландыруға шынайы экономикалық ықпал мен ынталандыру механизмінің жетіспеушілігі;
- отандық инновациялық өнімдердің нарықта болмауы;
- ғылыми қызметкердің дәрежесінің төмендігі, ғылыми инновациялық қызметке жастардың келуіне материалдық және моральдық ынталандырудың төмендігі;
- ішкі қаржылық ресурстардың жетіспеушілігі және шетелдік капитал үшін инновациялық сферадағы төменгі тартымдылық.

Қазақстандағы инновациялық қызметтің «ғылым-өнім» циклі, яғни инновациялық процесс ең бастапқы сатыда-ақ аяқталады, кейде ең бастапқы зерттеулер деңгейінен аспай жатып немесе үлгі жасау сатысында аяқталады, яғни бұл отандық өнеркәсіптердің өндіріске енгізуге дайын еместігінің көрінісі. Әрине, оған көптеген факторлар әсер етіп отыр, солардың бірі — зерделі менеджменттің тапшы болуы.

Дегенмен, дәл қазір Қазақстанда бәсекеге қабілетті компьютерлер, люкс деңгейіндегі көліктер, байланыс технологияларын құрастыру мүмкін емес. Бірақ, біздің елде фундаменталды, университеттік ғылым жақсы дамыған, осы жетістіктердің арқасында физика, химия, медицина салаларында, ауыл шаруашылығы мен кең, мұнай өндіру салаларына арнап құрал-саймандар, көліктер жасап шығаруға болады. Бұл мәселені шешуге де инновациялық менеджмент қажет. Атап айтқанда, табиғи ресурстарды жанаша игеруге, оларды мүмкіндігінше республикада өндеуге, жана жұмыс орындарын ашуға, ғылыми ауқымды технологияларды барынша аз енгізуге негізделген, тұлғаның шығармашылық қабілеті мен белсенділігін қажет етпейтін шикізаттық экономикадан «өңдеуші және өндіруші» экономикаға өтуді тиімді ұйымдастыру және басқару.

— *Сұхбаттасқаныңызға рахмет!*

Сұхбаттасқандар
Айдана СЫДЫҚОВА,
Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

**В КазНУ состоится презентация книги
Жолмухана Туркпенулы «Академик Т.Т. Тәжібаев»**

Ұстаз – ұлы есім

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде есімдері алтын әріппен жазылған ғалым-ұстаздар аз емес. Солардың ішінде Қазақстанда химик -аналитиктер ғылыми мектебінің негізін қалаушылардың бірі, химия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ғылымының құрметті қызметкері – Матакова Рәма Нурлиевнаның орны ерекше.



Матакова Рәма Нурлиевна Омбы қаласында өмірге келді. Душанбе қаласында орта мектепті алтын медальмен бітірді, Тәжік мемлекеттік университетінің физика-математикалық факультетіне түсті. Алматы қаласына қоныс аударуына байланысты ҚазМУ-дың химия факультетінің екінші курсына ауыстырылған. 1962 жылы оқуды бітіріп, аналитикалық химия

кафедрасында ассистент дәрежесінде жұмысқа қабылданған. Міне, содан кейінгі 55 жылдан бері ол біздің университетіміздің химия және химиялық технология факультетінде жемісті еңбек етіп келе жатыр. Студенттерге үйретуге деген махаббаты мен адалдығы зор, ортасында қашанда сыйлы профессор Р.Н. Матакова биыл 75 жасқа толып отыр.

Рәма Нурлиевна 1970 жылы «Сұйық амальгамалар потенциалы» тақырыбында «электрохимия» және «аналитикалық химия» мамандықтары бойынша кандидаттық диссертациясын, 1990 жылы Ташкент қаласында «аналитикалық химия» мамандығы бойынша «Электродтық жүйедегі гетерогенді және гомогенді анализдегі электрохимиялық әдістер» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. Ғылым саласындағы жемісті еңбегінің нәтижесінде 450 ғылыми еңбек, 25-тен аса өндіріске енгізілген аналитикалық әдістемелері жарияланды.

Профессор Р.Н. Матакова өндіріске және жоғары республикалық мектептерге арналған жоғары кәсіби химик мамандарды дайындауға және тәрбиелеуге үлкен үлес қосып келеді, көптеген кандидат және химия ғылымдарының докторларын дайындады.

Рәма Нурлиевна қашанда шығармашылық идеялар мен ойларға толы. Ол зор ынтамен студенттермен сан түрлі іс-шараларды ұйымдастырып өткізеді. Өзі де университеттегі барлық қоғамдық жұмыстардың бел

ортасында жүреді, атап өтсек, химия бойынша оқушылардың қалалық олимпиадаларын, «Студент және ғылыми-техникалық өрлеу» атты бүкіл кенестік олимпиадаларды, «Магистратурадағы инновациялық оқыту әдістемесі» тақырыбында халықаралық мектеп семинарларының ұйымдастырушысы болды, университеттегі магистрлерді дайындаудың ең бірінші басқарушысы болып табылды. Университетке сіңірген еңбектері үшін мақтау қағазы, дипломдармен және ҚР Құрметті қызметкері атағымен марапатталған.

Кафедра ұжымы және шәкірттері үйретері көп, нағыз жоғары мектеп педагогымен бірге жұмыс жасайтынымызды мақтан тұтамыз. Рәма Нурлиевна белсенді өмір салтымен, сезімталдығымен ерекшеленеді. Ол – кафедрада және студент жастар арасында өткізілетін көптеген қызықты іс-шаралардың бастаушысы, жас ұрпаққа үлгі боларлық ұстаз.

Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының ұжымы атынан Рәма Нурлиевнаны шын жүректен мерейтойымен құттықтаймыз! Зор денсаулық, педагогикалық және ғылыми еңбектеріне үлкен табыстар тілейміз!

**А.А. МҰСАБЕКОВА,
Л.К. КУДРЕЕВА,**

химия және химиялық технология факультетінің доценттері



Ерлік пен қайсарлықтың үлгісі

«Халқымның қарапайым бір ұлымын, жанымды арым үшін құрбан еткен», – деп қазақ халқының қаһарман қолбасшысы Бауыржан Момышұлы айтпақшы, ата жаумен арпалысқан ұланды – ұлы ететін, жаужүрек Батыр ететін — оның Отанына деген махаббаты.

Жыл сайын мамыр айында жүректерге мақтанш сезімін ұялатып, абырой мен данқ беретін мерекенің бірегейі – Жеңіс күні атап өтіледі. Өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. Жеңіс күнін атап өту – миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келген, жастық шағын қиған, тағдырдың ауыр да азапты тауқыметінен өтіп, табандылық пен ерліктің, қайсарлықтың үлгісін көрсеткен ер-азаматтарымыздың ерлігін паш ету.

Болашақ ұрпақты елінің, жерінің адал жанаушылары болуға, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу – бүгінде біздің азаматтық міндетіміз. Қайтпас қайсар қажырлықтарының арқасында бізге бейбіт өмір сыйлаған ардагер ағаларымыздың Ұлы Жеңіске жетуге қосқан ұлан-ғайыр үлесін біліп қана қоймай, қазіргі бейбіт өмір сүріп жатқан жастардың осы кісілер алдында мәңгі борышты екендігін түсіну маңызды.

Соғыстың сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген

патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын көрсете білді. Сол махаббатын от басып, су кешіп жүріп дәлелдеген ардагерлеріміз жылдан-жылға, күннен-күнге азаюда.

Солардың ішінде ұлттық университетте бүгінгі бейбіт күнін ұлағатты ұрпақ тәрбиелеуге арнаған әйгілі ардагерлеріміз – Брест қамалын қорғаушы, ұлағатты ұстаз, запастағы полковник Ғаббас Жұматов пен академик, археолог-зерттеуші Уахит Шәлекенов аталарымыз бар.

Ер елім, көрсет тағы еңбек күшін, Еңбекпен қас дұшпанның өрте ішін.

Тұр білек, түс еңбекке ту астында

Бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін! – деп ұран тастап, ел басына күн туған қасіретті шақта жас та болса қолдарына қару алып, ел абыройын, бостандығы мен берекесін қорғауда жаппай аттанған ержүрек қазақ жауынгерлері, оның ішінде, университет оқытушылары, студенттері мен қызметкерлері туралы мәліметтер университет музейінің «Университет Ұлы Отан соғысы жылдарында» атты экспозициялық көрсетілімінде орын алып, жеңіске қосқан үлестерін паш етіп тұр.

Экспозицияда қойылған майдангерлік суреттер, «үшбұрышты» әскери қаттар, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің құжаттары, ордендері, тарих ізі сақталған алуан-түрлі заттары кімге болмасын қатты әсер қалдырады.

Витрина қан төгістің алғашқы күнінен бастап соғысқа аттанған Ғ. Жұматов, В. Фурсов, А. Попов, М. Құсайынов, З. Тұрарбеков, Ш. Құсанова, Т. Есеркепова, Н. Петрова, А. Лукьянов, К. Біләлов, А. Сұрапберген, Т. Сатыбалдин, К. Өтемісов, тағы басқа 287 ержүрек майдангерлерге, соғыстан қайтпай қалған боздақтарға арналған. «Ер есімі ел есінде» демекші, олардың есімдері алтын әріптермен тарих беттерінде жазылды. «Фашистерді аяусыз қырғынға ұшыратып жатырмыз. Олар әлсіздер алдында күшті де, ал күштілер алдында түкке де тұрмайды.» – деп жазған еді, 1945 жылы Венгриядағы Балатон көлінің маңында ерлікпен қаза тапқан математик Тұрар Сатыбалдин

университетке жіберген хатында.

Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңындағы Ерлік сабақтары Е р л і к т і , Б а т ы р л ы қ т ы , Данқты паш етеді. Музей қызметкерлерінің ұйымдастыруымен 2010 жылдан бастап патриоттық рухтағы Ерлік сабақтары барысында 15-ке жуық тақырыптық іс-шаралар, оның ішінде Халық қаһарманы – С.К. Нұрмағамбетов, ардагерлер – С.С. Жиенбаев, Ш.Ж. Сүлейменов, данқты панфиловшы Г. Визирьяко, ардақты ардагерлеріміз – Ғ. Жұматов пен У. Шәлекенов, қаламыздың соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің мүшелерімен өткен экскурсиялар, кездесулер, семинарлар, кураторлық сағаттар мен сырласулар дәстүрге айналып, болашақта да жалғасын табады деген үміттеміз. Бұл, әрине, университет студенттері мен мектеп оқушыларының рухын көтеріп, өткеннен өнеге алуға жетелейді.

Сондай-ақ мұражай атриумындағы үлкен экраннан ерекше сүйіспеншілікпен дайындалған «Ұлы Жеңіс!» атты бейне-презентация келушілерге ұсынылады. «Сұм соғыс іздері», «Ел басына күн туса, ер етікпен су кешер», «Ұлы Отан соғысы – халық соғысы» т.б. бөлімдерден тұратын бейнефильмде сұрапыл соғыста ерлігімен жеңіске жеткен университет азаматтарының данқы туралы айтылады. Осы орайда Шығыстың ұлы ойшылы, ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби философиялық мұраларының негізінде



құралған университетіміздің «Al-Farabi university smart city» жобасы келешекте қарқынды тұрақты дамуға бет бұрған еліміздің бетке ұстар азаматтарын нағыз патриоттық, ұлтжандылық рухта тәрбиелеуге негізделгенін айта кеткіміз келеді. «Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту», – деп ұлы бабамыз айтпақшы, білімсіз берілген тәрбие, адам баласына жасалған қастандық деп білуіміз керек. Сол рухани тәрбиедегі мұражайдың орны ерекше. Бүгінгі жас буын асақалдарымыздың бойында сақталған азаматтық, адамгершілік, отансүйгіштік қасиеттерді үлгі етіп, бойларына сіңіріп өсуі тиіс.

Әрқашан соғыс салған жаралар жазылмақ емес, қыршын жасын елінің бақытына арнаған қайсар жандар ерлік пен қайсарлықтың мәңгілік үлгісі болып қала бермек. Жеңістеріңізбен, құрметті Жеңімпаздар!

Ардақ ЖҮМЕКЕКЫЗЫ,
ҚазҰУ мұражайы

27 ақпанда журналистика факультетінде М. Барманқұлов пен Ғ. Қайырбековтің еңбек жолына арналған медиаконференция өтеді



Жырында Төлегеннің алуан сыр бар...



Төлеген Айбергенов 1937 жылы 8 наурызда Қарақалпақ елінің Қоңырат деген жерінде дүниеге келген. 1959 жылы Ташкенттің Низами атындағы педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітіреді.

1959-62 ж.ж. Шымкент облысының Сарыағаш ауданындағы кешкі жастар I мектебінде директор, 1965 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы әдебиетті насихаттау бюросында қызмет істеді.

Айбергеновтің өлеңдері республикалық баспасөзде 1957 жылдан жарияланды. Туған жерге деген албырт сағыныш пен мөлдір махаббатқа толы бір топ өлеңдері 1961 жылы шыққан «Жас дәурен» атты топтама жинақта басылды. Отанға, туған елге деген сүйіспеншілігін, замандастарымыздың рухани сезім байлығын, ізгі тілеу, ақ ниетін жарқырата ашқан, қазақ поэзиясында өзіндік жаңа ырғақ, тегеурінді екпін

әкелген поэтикалық жыр кітаптары: «Арман сапары», «Өмірге саяхат», «Құмдағы мұнаралар», «Мен саған ғашық едім», «Аманат», «Бір тойым бар», балаларға арналған «Бақшаға саяхат» сурет-кітапшасы жарық көрді.

Адам өзі қай салада жүрсе де, қандай жұмыста болмасын, оның демалатынына себепші бір дүние болады. Мен сол демалысты қазақ әдебиетімен өткізгенді ұнатамын. Ақын не жазушылардың шығармашылығымен танысу мен үшін бір бөлек әлем. Сол қызық әлемді бүгінде Төлеген Айбергеновтің шығармашылығы толтыруда. Бұл ақынның шығармаларын оқу барысында түйген ойларым өте көп.

Бір өлеңі мұң басқан уақытта қуанта білсе, енді бірі сенімен сыр шерткендей. Сол өлеңдердің бір-екі шумақтарын сіздерге ұсынғым келіп отыр.

Жолдар, жолдар, мені алысқа апарыңдар,
Апарыңдар, ұзаққа сапарым бар,
Қаламдаймын әлі мен ұшталмаған.
Өткізіндер көлдерден құс конбаған,
Сын тақпасын дос түгіл дұшпан маған.

Осы бір өлең жолдары кей мезгілдерде адамның бойында бір сенімсіздік, әлсіздік байқалғанда, қайта тұруға үлкен күш бере білетін өлең деп білемін. Бұдан өзге ақынның «Өмір», «Үш кезен», «Жиырма бес», «Уақытпен бетпе-бет» деген өлеңдері уақыттың қадірін білуге, бағалауға үлкен

септігін тигізеді. Жалпы, ақынның қандай өлеңін алсаң да, ол өлеңдер белгілі-бір тығырықтағы адамға жол тауып беретіндей болып көрінеді. Сөзімді қорыта келе, бекзат болмысты тұлға Төлеген Айбергеновтің өлеңдерін жиі оқуды баршаға ұсынғым келеді.

Ф. Б. БЕЛИСАРОВА,
ф.м.ғ.д, доцент

Адамдар

О, адамдар, біргемін мен сендермен,
Ықыласыңа еш нәрсені теңгермен.
Сендер менің бақытымның бұлағы,
Сендер менің дарыныма жел берген.
Өздеріңмен өмір шыңын бірге астым,
Жарты құртты бөліп жедім,
сырластым.
Дүниеге келгенім жоқ шет жүріп,
Рақатын ойлау үшін бір бастың.
Гүлстанға айналдырған тақырды,
Болат қолдар, алғыр милар ақылды,
Сүйемін мен, сүйемін мен сендерді
Алар демім қалғанынша ақырғы.
Менің үшін бірдей тілің, жынысың,
Көбің ана, көбің аға-інісің.
Достық өскен, ерлік өскен ортаңа
Енген сайын кеңі түсер тынысым.
Не кездесе өздеріңмен көрмекпін
Қарапайым адамдары еңбектің!
Барлығын да бағыштар ем сендерге
Махаббатын маған берсе жер-көктің.
Қолыңнан қала тұрса тас қаланып,
Қүдіретіңе табынса аспан алып.
Сен жасаған бақытты көріп тұрып,
Сені сүймеу не деген масқаралық.
Алдымнан көрген емес жол кесіліп,
Келемін демеуіңмен өрге шығып.
О, адамдар, гапу ет, шалыс бассам,
Кешіріңдер,
Менікі пендешілік.

О, АДАМДАР, БІРГЕМІН МЕН СЕНДЕРМЕН

Ақын Төлеген Айбергенов шығармашылығы тазалығымен, шынайылығымен оқыған жанды өзіне баурап алады. Оның әрбір өлеңі адамды өзіндік бір тәрбиеге бастайды. Өлеңдерінің түбінде терең бір сыр жатыр. Оны түсініп оқыған адам ұғына біледі деп ойлаймын. Сонымен қатар, ақын өз өлеңдерінде халықпен бірге екендігін «О, адамдар, біргемін мен сендермен» деген өлең жолдарымен білдіреді. Кез келген ақынның өлеңдерін оқи бастасаң, Алматыны жырға қоспайтыны жоқ шығар, сірә. Төлеген Айбергенов те қаламызды «Алматыға» деген өлеңінде теңдессіз теңеулермен бейнелеп береді.

Жамбыл жыры аспанында жаңғырып,
Әуеніне кетті әлемді таң кылып.
Алатаудың ақ шыңдары Күләшша,
Күләш әнін қайталайды мәңгілік.
Сонымен қоса ақынның өз қызына деген махаббаты да өлеңмен өрнектелген. Өмірдің бар асу, белестерін ақын ақ қағазға түсіреді. Бүгінде ол



өлеңдер бізге талайды ұғындырып, ақын атының мәңгілік өшпейтіндігін көрсетеді. Ақынның өлеңдері өте көп. Соның ішінде мен ақынның тағы бір керемет туындысы «Ана» өлеңіне тоқталғым келеді. Бұл өлеңнің маңыздылығы, тәрбиелік мәні өте үлкен. Барлық қазақ баласы бұл өлеңді ұрандай етіп жаттап алса, артық емес. Қазіргі таңда өз аналарын кейбір балалар сыйлаудан қалып барады. Міне, осындай адамдар үшін ақын өлеңінде ұялатынын айтады және де бір жолында: «О, аналар,

кей пасықты ж а р а т а с ы н неге сен», — деп қынжылады. Енді бір өлеңінде «Бір тойым бар» деп қуанышын елмен бөлісуге а с ы ғ а д ы . С о н ы м е н к а т а р , а қ ы н н ы н патриоттық ү л г і д е жазылған өлеңдері өте көп, олардың қатарына «Менің Республикам», «Қазақстан көктемдері», «Атамекен» т.б өлеңдерін жатқызамыз.
Қорыта келе, ақын Төлеген Айбергеновтің өлеңдері ешқашан өлмек емес. Ақынның өлеңдерін оқыған сайын оқи бергің келеді. Қазіргі бәсекелестік, уақыттың тапшы заманында осындай өлеңдерді оқи отырсақ, нұр үстіне нұр болатыны сөзсіз. Біз бұл өлеңдерді оқып бойымызға түрлі жақсы ойлар мен мол тәрбие аламыз. Сол себептен, қай салада жүрсек те бір мезгіл уақытымызды поэзияға арнасақ екен.

Иманқұл МҰСАТ,
физика-техникалық факультетінің
3-курс студенті

МАХАББАТ!

Махаббат! Неткен алып, қайратты едің,
Мен сені мұнишалық деп ойлап па едім.
Тұсаулап, табандатып тағдырымды,
Қолына қара көздің байлап бердің.
Көп екен өмір сыры білгізбеген,
Жаны пәк таныстым да бір қызбенен,
Түріліп шаттығымының томағасы,
Сырласа бастадым ай, жұлдызбенен.
Көз алмай қарай бердім кіл шыңдардан,
Қиялдан қолын созып құлынды арман.
Әйтеуір, сол бір қызға кездестім де,
Тап болдым қуанышқа тынышымды алған.

ОЙЛАЙ БЕР МЕНІ...

Тағатсыз күткен ыстық үн,
Жаралы хал ғой – ғашық хал.
Күйсандық көрсең, бір тілін
Мені ойлап бар да, басып қал.

Тек қана көзге жас алма,
Ойлай бер мені күніге.
Махаббаттардың қашанда
Ойламау жеткен түбіне.

Жаныма қап ең жақын боп,
Жүреkte бүгін сыздау көп.
Мен болсам кеттім ақын боп,
Азырақ бақытсыздау боп...

Жолығар болсам қайта мен
Сағыныш толы сол шақпен.
Бәрін де саған айтар ем
Жалғыз-ақ тамшы моншақпен.

Бешті жүргізген әл-Фараби кітапханасының бас кітапханашы-менеджері Шынар МҰҚАШЕВА

В КазНУ прошел конкурс «Мерейлі жас отбасы» среди докторантов и магистрантов факультета философии и политологии

ТУҒАН ЖЕРІМ ТАЛ БЕСІГІМ ТЕРБЕТКЕН

Туған жерім тал бесігім тербеткен,
Тұнық едің дариямдай сен неткен.
Төсіндегі әлдиленген ұрпағың,
Туған жер деп бүгін, міне, шыр шерткен.

Туған елім арайлы таңымдайын,
Тәуелсіздік таңы үшін жаным дайын.
Торабымды тарылтып жатса дағы,
Тұнығында жыр тұнып жалындаймын.

Туған жерім тұғырым, дара шыным,
Тайталасқан аспанмен заңғар шынын.
Торламасын кара бұлт аспанымды,
Түнеріп шел басқандай қарашығын.

Тұлпар таптап тұяғымен шандатқан,
Тақсыретті түндер өтті қарлы ақпан.
Туған жерін жаулардан азат еткен,
Талай ердің қасқалдақ қаны аққан.

Таң шапағы күн көзін атырады,
Тықсырып түнек түнді батырады.
Теңдесі жоқ байлыққа ие бұл жер,
Тураны мен Алтайдың атырады.

Таң самалы сыбырлап қытықтаған,
Тұншыға түтінінді жұтып та алам.
Тамұғында тынысым тарылса да,
Туған жер топырағыннан бақыт табам.

Терең көлім, тұнығым, асқақ шыным,
Төңір берген еліме асқақтығын.
Туған елім мен үшін жұмақ мекен,
Топырағын, шаң тозаң, батпақ, құмың.

Тәуелсіз егеменсің, шалқы далам,
Тербетіліп төсінде шалқып алам.
Талай қиын сәттерді бастан кештің,
Таңғалсын енді бүгін данқына адам.

Тәуелсіздік, еркіндік, ерен ерлік,
Толған айдай толықсып кемелдендік.
Толқынындай теңіздің көкке шарпып,
Төсінде тербеледі егемендік.

ЖЕТІМДЕР МҰҢЫ

Қайтып мына фәниге келер ме ем?
Жетім болсам болайын егер де мен.

Анасының ақ сүтіне жарымаған,
Мен не деген, бейшара, өлермен ем.

Мына жарық әлемнен түнілсем де,
Ана, сенен ешқашан түнілмегең.
Құтылуға менен сен асықтың-ау,
Кіндігім де кесіліп, тігілмеген.

Құрсағыңда тоғыз ай жатсам дағы,
Бір күндік түндігім де түрілмеген.
Керексіз болдып, міне, қалдым, апа,
Өрмегіндей өмірдің өрілмеген.

Жатағынан жеріген жас құлындай,
Бақытсыз боп туылдым өмірге мен.
Неге менен жеріңді, алыстадың?
Табармын енді қалай көңілге ем.

Тағдырымнан түңілген сәттерімде,
Өлеңменен өзімді көп емдеп ем.
Жас жүрегім жетілмей тасқа айналды,
Аналық мейірімге бөленбеген.

САҒЫНЫШ САМАЛЫ

Сағыныш оты өзекке түскен,
Соғады дүлей алапат күшпен.
Махаббат желі үрлейді отты,
Сезімім шіркін не деген күшті ең?

Қап-қара шашын керемет неткен?
Ботадай көзін құлпырып кеткен.
Дүрсілдеп жүрек бермейді маза,
Төзімім бірақ жұқарып біткен.

Ішімде боран, көңілім алаң,
Келмейді шабыт, жүрмейді қалам.
Ойымда сенің тек қана бейнен,
Қағазды алып, суретін салам.

Жылап та тұрып күлемін бірақ,
Дидарлы бейнен мен үшін жырақ.
Сезімнің селі кеудемді кернеп,
Еске алам күнде үнсіз бір жылап.

Іздеймін сені алмаймын тыным,
Өзінсіз мәнді өтпейді түнім,
Жұлдыздай жасым жанардан ағып,
Қиналам бірақ жетпейді үнім.



Досжан Балабекұлының фотосы

Өткен өмірге өшіккен едім,
Жымылып күліп кезіккен едің.
Сарылып сені күткенде өзім,
Сағынышым деп сезіктенбедің.

Жалындай жақтың кеудеме шырақ,
Селдеткен сенің сезімің жырақ.
Мөлдiреп тұрған кара көзіңнің,
Қиығын салып қарама бірақ.

Үміттің отын үрлемесіңші,
Жүрегім сендей жүлдеге сыншы.
Өзінді жаным ес түссіз сүйген,
Кіршіксіз көңіл кірлемесіңші.

О, МЕНІҢ МАХАББАТЫМ, АЛАСҰРҒАН

О, менің махаббатым, аласұрған,
Мезі болдым шаршадым мына сырдан.
Ғажайыптан ғайып болып кетсем бе екен?
Махаббаттың жолын тауып арасынан.
О, менің махаббатым, аласұрған,
Жылуыңды сеземін ғой қарасыннан.
Сезіміңнің ұшқынын көргім келеді,
Мөлдiреген көзіңнің қарасынан.

О, менің махаббатым, аласұрған,
Алай-дүлей тасқын боп аласұрған.
Жартастай міз бақпайсың, қарамайсың,
Құшағымды ашсам дағы асулардан.

О, менің махаббатым, аласұрған,
Сені іздеймін сезімдердің арасынан.
Сағыныштың сары ала қаны ағады,
Жараланған жүректің жарасынан.



Мағжан МАНАПОВ,
химия және химиялық технология факультетінің студенті

ПОДГОТОВКА МАГИСТРАНТОВ В КАЗНУ

КазНУ им. аль-Фараби вошел число 50-ти самых технологически развитых университетов мира, заняв в рейтинге 31 место по итогам исследования известной международной организации “Great Value Colleges”. В рейтинге казахстанский вуз представляет весь Азиатский континент, так как является единственным представителем не только стран СНГ, но и Сингапура, Японии, а так же Восточной и Центральной Европы.

На сегодняшний день в КазНУ насчитывается более 180 гуманитарных, естественно-научных, технических специальностей бакалавриата, магистратуры, докторантуры. Университет является ведущим центром магистерской и докторской подготовки в РК. Полученная степень магистра в КазНУ позволяет выпускникам успешно заниматься научной, педагогической, управленческой и экспертной деятельностью.

Мне как магистрантке, обучающейся по специальности «Менеджмент», хотелось бы вкратце рассказать о факультете и студенческой жизни магистрантов, обучающихся на кафедре «Менеджмент и маркетинг», заведующей которой является доктор экономических наук, профессор К. Мухтарова.

Преподавательский состав магистрантов состоит из профессоров, доцентов, докторов и кандидатов наук. Обучаться у таких преподавателей познавательного и сложно одновременно. К каждому семинарскому занятию магистрант должен подготовить презентацию, собственный проект или эссе по предыдущему лекционному материалу. Преподаватель, имеющий ученую степень, курирует определенное количество магистрантов по написанию научно-исследовательских работ, статей.

В КазНУ часто проводятся международные конференции, в которых участвуют и выступают магистранты. Например, 27-28 ноября 2014 года Высшая школа экономики и бизнеса проводила международную научно-практическую конференцию на тему: «Финансовые ресурсы обеспечения «Зеленой экономики» — новой парадигмы устойчивого развития». Интересно было послушать обсуждение ученых и специалистов о проблемах перехода к «Зеленой экономике» и разработках научно-обоснованных рекомендаций по эффективному использованию финансовых механизмов ее развития в Казахстане.

Университет ежегодно приглашает

зарубежных профессоров для повышения уровня знаний магистрантов. Осенью 2014 года в КазНУ был приглашен бизнес-тренер международного уровня, доктор философии, сертифицированный коуч и тренер по стандартам ЕСА (European Coaching Association) и KE+P (Volkswagen), международный эксперт в области HR, стратегического и организационного развития, психологии, межкультурных коммуникаций г-н Константин Шамбер. Он является преподавателем более 11 известных Европейских университетов и бизнес-школ, тренером и советником более десятка ведущих глобальных компаний, одним из основоположников мультидисциплинарного и межкультурного подхода к развитию лидерских компетенций, учеником и партнером знаменитого философа и профессора Мюнхенского Университета и Лондонской Школы Экономики Ульриха Бека. Ученый свободно владеет английским, немецким и русским языками.

Магистранты КазНУ имеют возможность прохождения научной стажировки в зарубежных высших учебных заведениях, прошедших успешно аккредитацию в международных рейтинговых агентствах. Преимущество стажировки — посещение лекционных занятий самых лучших профессоров ведущих университетов Европы и Азии, практика иностранного языка, ознакомление с культурой страны.

Обучение в магистратуре гарантирует получение качественного образования, приобретение новых компетенций и знаний, раскрытие потенциала, возможность заниматься научной деятельностью, а квалификация поможет построить успешную карьеру.

Малика САЯТОВА,
магистрантка 1 курса ВШЭБ (руководитель кандидат экономических наук, доцент С.К. Тажиева)

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛДЫ



Елбасы биыл Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толатынын және ол тарихи датаны айрықша атап өтетінімізді мәлімдеді. Бұл — қалың қазақты бір жасатып тастады. Осы ерекше датаның бүгінде мәні мен маңызы қандай? Қазақ хандығы қалай құрылды? Осы сұрақтар төңірегінде ой бөлісу мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия кафедрасының 4-курс студенттері Алматы мемлекеттік көлік және коммуникация колледжінде педагогикалық тәжірибеден өту барысында «Ерліктің арқауы, елдіктің бастауы — Қазақ хандығына 550 жыл!» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Әл-Фараби бабамыз айтқандай: «Тәбиесіз алған білім адамзаттың қас жауы». Бұл іс-шара жастарды отансүйгіштікке, бірлікке, ынтымаққа тәрбиелейді. Аталған іс-шараға философия кафедрасының менгерушісі Г. Нұрышева, «Кіші Фараби академиясының» жетекшілері — доцент Л. Асқар, доцент П. Сүлейменов, колледж ұжымынан директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ. Рахымбаева, жалпы қоғамдық пәндер бірлестігінің төрайымы А. Мұсабаевалар қатысып, өз пікірлерімен бөлісті.

Колледждегі практика жетекшісі А. Сайлыбаева ұйымдастырған дөңгелек үстел барысында колледж студенттері Қазақ хандығының құрылуы, қазақтың ел билеген хандары, елін-жерін қорғаған батырлары т.б. туралы баяндамаларын ұсынды.

Келген қонақтар мен студенттер Қазақ хандығының 550 жылдығын өз дәрежесінде өткізу туралы тілектері мен ұсыныстарын ортаға салды. Ұсыныстар мен талап-тілектердің көп болуына байланысты ұйымдастырушылар келешекте осы тақырыпта конференция ұйымдастырмақ.

Біз азаттық жолында мың өліп, мың тірілген қазақпыз. Демек, қан мен тер арқылы келген тәуелсіздігімізді әрқашан ұлықтауға тиіспіз. Тәуелсіздігіміздің тірегі болған, мемлекетіміздің негізі болған осынау айрықша датаны, ұлық мерекені атап өтуге атсалысайық!

Пірімбек СҮЛЕЙМЕНОВ,
философия кафедрасының доценті

Жалғасы. Басы 1-бетте

Сүйсіндірген сайыс



Байқауға Әлеуметтік және гендрлік зерттеулер институтының директоры, ф.ғ.д., профессор Зәмза Қодар (ҚазмемқызПУ), Алматы қаласы әкімшілігіне қарасты Қазақстан және Орта Азиядағы отбасы институтының директоры Ақбота Базарбаева, жалпы және этникалық психология кафедрасының меңгерушісі Эльмира Қалымбетова және "Қазақ университеті" газетінің тілшісі қазылық жасады. Бұл шараны факультет деканынан бастап, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі деканның орынбасары Н. Әлқожаева, ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары Б. Қылышбаева, факультеттің аға куратор-эдвайзері және тәрбие жұмысын ұйымдастырушы Ұ. Төлешова, жалпы және этникалық психология кафедрасының доценті М. Кабақовалар ұйымдастырған болатын.

Сайысқа қатысушыларға бірнеше этикалық талаптар қойылумен қатар, олар төрт бірдей бөлімде өздерін әр қырларынан танытуы тиіс болды. Жарысқа Анар Елшібекова мен Нұрмұханбет Балжанбаев, Алмас Жалғасұлы мен Фариза Көшербай және Алтын Айниязова мен Бауыржан Орда қатысып, алғашқы бөлімде өздерін арнайы таныстырып өтті. Бұл бөлімде бірі слайдтық бейнеөзірленім жасаса, енді бірі бейнесюжет, келесі бірі сахналық образбен өнер көрсетті. Бейнесюжеттердегі отбасының құндылықтары, қазіргі жас отбасы өмірі мен оның басты байлығы баланың, болашақ ел тізгінін ұстар кішкене бүлдіршіндердің әсерлі эпизодтары көрерменге ерекше әсер етті.

Сайыскерлер таныстырудан бөлек, өнер, сұрақ-жауап және үй жұмысы бөлімдерінде өздерінің отбасылық

құндылықтары мен дәстүрге берік сәттарын бейнелеп, адамгершілік пен сыйластық үндескен жанұялық тізгінің тамаша үлгісін көрсетіп, көпшілікке



жеткізе білді. Өнер сайысында Алмас пен Фариза жұптасып өлең айтып таңғалдырса, Алтын мен Бауыржан сахналық көрініс жасады. Сұрақ-жауап бөлімі де қызықты өтті. Отбасылық өмірге байланысты сұрақтар қойылғанда жас отбасылар біраз қысылғанымен, шынайы көңілмен жауап беруге тырысты. Ал, үй жұмысы бөлімінде жас отбасылардың әзірлеген ас тағамдары әділ-қазылардың толық бестік бағасына ие болды.

Байқау үздік жас шаңырақты анықтап қана қоймай, ол отбасы ұғымының мағынасын ашқан тәлімді жиын болды.

Оны қорытынды сөз алған қазылар алқасы да атап өтті. Сонымен, сайыста А. Елшібекова мен Н. Балжанбаевқа – "Шебер отбасы" номинациясы, А.

Жалғасұлы мен Ф. Көшербайға – "Өнерлі, шығармашыл отбасы" номинациясы, ал А. Айниязова мен Б. Ордаға "Көңілді отбасы" номинациясы берілді. Сондай-ақ өнерлі жұп А. Айниязова мен Б. Орда байқаудың басты "Ең үздік отбасы" номинациясының жеңімпазы атанды.

Жеңімпаз топтың мүшесі, Алтын Айниязованың жұбайы, белгілі өнер жұлдызы Бауыржан Орда: "Жан жарым Алтын осы оқу орнында магистратурада оқиды. Мен әрқашан отбасы тақырыбындағы шараға дайынмын. Сайыс болған соң алдын ала дайындалып, сахналық шеберлігімізді бір шындап, отбасымызды шынайы көрсетуге тырыстық. Байқау жоғары дәрежеде өтті. Сайысқа қатысып, бақ сынаудың өзі жақсы әсер береді ғой. Ерекше әсерге бөлендік! Елімізде осындай отбасылық байқаулар, жарыстар, тіпті осындай оқу орындарында өткізіліп тұрса, нұр үстіне нұр болар еді", – деп қуанышымен бөлісті.

Ұлттық құндылықтарды насихаттап, өнерді дамытып, киелі сахнада жас отбасының көрінісін өз өмірлерінен суреттеген, отбасы бақытын бейнелеген, жарыста талмай белсенділік көрсеткен бұл үштік бір факультет емес, ҚазҰУ-дың мерейлі жас отбасысына лайық азаматтар екеніне сенім зор. Ең бастысы, бұл отбасылардан ертеңіміздің жарқын болашағының шуақ нұры атып келеді!

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ



■ БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Интернеттегі ең танымал мамандықтар

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ИНТЕРНЕТТЕГІ ЕҢ ТАНЫМАЛ, ЖОҒАРЫ ТӨЛЕМДІ ФРИЛАНСЕР МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ БІРНЕШЕУІН ҰСЫНАМЫЗ.

Рерайтер – бірегей мәтіннен өзгеше «бірегей мәтін» құрастырушы маман. Жалпы рерайтер маманы басылып шыққан мақала, жаңалық, заметканы өңдеп, қайта жазып шығады. Бұл мамандық болмашы мамандық емес.

Негізгі тұтынушылары: әртүрлі сайт басылары, интернет-дүкендер, кішігірім ақпараттық сервистер, т.б.

Флешер – ширақ, үнемі жаңа технологияларды игеріп, ілгерілеу шыңын бағындырғысы келетін, жаңалыққа жаны құмар адам. Ол әрдайым жасампаз ойланып, компьютердің алдында отырып фантастикалық идеяларды жүзеге асырады. Флешер маманы флеш және жай графиканы шебер меңгерген болуы тиіс: Adobe Flash, Swift 3D, Adobe Photoshop, Adobe Illustrator, CorelDraw және 3D модельдеу бағдарламасын жетік білгені абзал. Негізгі тұтынушылары: веб-дизайн студиялары, сайт әзірлеушілер, жеке адамдар мен жеке меншік фирма иелері.

Веб-бағдарламашы – заманауи сайт беттері веб-бағдарламашылар шығарған бағдарламалармен басқарылады. Қазіргі таңда бұл интернеттегі ең талап етілген әрі қызықты мамандықтардың бірі. Білікті бағдарламашы болсаңыз – жобасыз қалмайсыз. Негізгі тұтынушылары: веб-студиялар, интернет-кәсіпкерлер, компаниялар мен жеке адамдар.

БҰЛ МАМАНДЫҚТАРДАН ӨЗГЕ:

- Мәтінмен жұмыс, копирайтинг, журналистика;
- Графика, дизайн, көрнекілікпен (сурет) жұмыс;
- Бағдарламалау, компьютерлер мен желіге қызмет ету;
- Аударма ісі, шетел тілдерін аудармалау;
- Интернет-жарнама;
- Әлеуметтік желідегі жұмыс;
- Блогшылар, т.б.

Massaget.kz сайтынан әзірлеген
Б.ӘБДІРӘШҚЫЗЫ

Өтетін орны: Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы

25 ақпан
сағат 18:30

СҰҢҚАР
СТУДЕНТТЕР КӘСІПОДАҒЫ

КҰБН
жартылай финал

Билеттерді "Сұңқар" студенттер кәсіподағынан тегін аласыздар!

Барлық сұрақтар бойынша мына номерлерге хабарласыңыздар:
87477645561 Шұғыла
87023536503 Ақбөпе

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІГІТ, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттелді. "Гамма-принт" баспаханасында (Райымбек даңғылы, 369) басылды.
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №255

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасауы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.